

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН АДАМЗАТТЫҢ ОРТАҚ ЖЕҢІСІНЕ, ЖЕР БЕТІНДЕ ӘДІЛДІК ПЕН БОСТАНДЫҚТЫҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСТЫ. АҒА БУЫННЫҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ЕРЛІГІ МЕН ЕҢБЕГІ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ҮШІН ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ, ЖАНҚИЯРЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚТЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ БОЛЫП ҚАЛАТЫНЫ СӨЗСІЗ.

№54
(4952)
Сенбі
9 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖЕҢІС КҮНІ – ТАҒЗЫМ КҮНІ

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қастерлі мереке өшпес айбын мен мұқалмас жігердің, Отанға деген шексіз махаббаттың мәңгілік символы болып қала бермек. Біз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің, бейбітшілік пен бостандық жолында жанын пида еткен батырларымыздың рухына тағзым етіп, есімдерін ардақтап еске аламыз.

Өткеннің өшпес тарихын қастерлеп, ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету және өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық пен намыс рухын сіңіру – баршамызға ортақ парыз.


Осынау айтулы мерекеде баршаңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат және әр шаңырақ құт-береке мен ырыс-ынтымақ тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

АРДАГЕР – АЛТЫН ТҰҒЫР

Бүгінгі таңда Қазақстанда 57 Ұлы Отан соғысының ардагері тұрады, биыл олардың әрқайсысына 5 миллион теңгеден біржолғы төлемақы берілді.

Биыл еліміз бойынша 32,9 мыңға жуық адамға (оның ішінде тыл еңбеккерлеріне, қаза тапқандардың жесірлеріне, жаралану, мертігу салдарынан мүгедектік алған адамдарға және т. б.) біржолғы төлемге 3,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Жалпы ардагерлерді материалдық қолдау деңгейі бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында көш бастап тұр. Мәселен, Өзбекстанда – 30 млн сум (шамамен 1,1 млн теңге), ал Беларусьте – 5 мың Беларусь рублі (шамамен 715-825 мың теңге), Ресей Федерациясында 10 мың рубль (шамамен 61 мың теңге) көлемінде беріледі екен.



3

«АНАҒА ТАҒЗЫМ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Елорданың мәдениет саябағы аумағында ашылған жаңа демалыс орнында алғашқы болып көпбалалы аналар мен қоғам белсенділері алмұрт ағаштарын отырғызып, «Таза Қазақстан» акциясына өз үлесін қосты. Сондай-ақ іс-шара барысында бір топ белсенді аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілері салтанатты жағдайда табысталды.


ЭЛИТАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ШЫҚТЫ

Шайбалы хоккейден Қазақстан ұлттық құрамасы Польшада өтіп жатқан әлем чемпионатының бірінші дивизионында жеңіске жетіп, 2027 жылы өтетін элиталық әлем чемпионатына жолдама ұтып алды.

Элиталық чемпионатқа жолдама алу үшін 6 команда бәсекеге түсті. Қазақстан құрамасы бірінші ойында Литва құрамасын 4:1 есебімен, екінші ойында Жапония құрамасын 6:0 есебімен, үшінші ойында Польша құрамасын 3:2 есебімен, Украина құрамасын буллит сериясы бойынша ұтты. Ал соңғы ойынын Франциямен өткізді, алайда бұл ойынның нәтижесі жалпы ұпайға әсер етпей, Қазақстан құрамасы элиталық дивизионға шықты.


9-10 МАМЫР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін мына мекенжайда өтеді: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



№54 (4952) 09/05/2026 Сенбі

АҚОРДА



РИМ ПАПАСЫН АСТАНАҒА ШАҚЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Рим Папасы XIV Леоны Понтифик болғанына бір жыл толуымен құттықтап, жеделхат жолдады.

Мемлекет басшысы хатта Понтификтің бейбітшілік идеясы мен диалогты ілгерілету жөніндегі дәйекті уағызы адами қадір-қасиетті дәріптеп, халықтар мен конфессиялар арасындағы өзара түсіністікті нығайтудың сенімді тірегі екенін атап өткен. Президент Қазақстан мен Киелі Тақ арасында ұзақ жылдан бері келе жатқан достық пен тығыз ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын және байланыстарды одан әрі тереңдету ниетін жеткізді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Католик шіркеуінің басшысын Астанаға шақыратынын тағы да растады.

«Сіздің сапарыңыз серіктестігімізге жаңа мазмұн дарытып, аймақтағы елеулі уақиғаға айналатынына сенімдімін» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Папа XIV Леоға ізгі мұратын іске асыру жолында зор денсаулық және қажымас қайрат тіледі.

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАЛҒАНЫН АЙҒАҚТАЙДЫ

Биыл наурыз айында қабылданған жаңа Конституцияның негізгі ережелері мен нормаларын жүзеге асыруға қатысты жұмыс кезең-кезеңімен атқарылып жатыр. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Бүгін Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар бірінші оқылымда үш заң жобасын қарады:

1. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңның жаңа редакциясы. Бұл заң жобасында 8 тарау мен 43 бап бар.

2. «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның жаңа редакциясы. Бұл заң жобасында 12 тарау мен 60 бап бар.

3. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».



Ұсынылып отырған өзгерістердің мақсаты: қолданыстағы заңнаманы жаңа Конституцияға бейімдеу, мемлекеттік-саяси үлгіні институционалдық тұрғыдан жаңарту, саяси жаңғыру үдерісін жалғастыру үшін жүйелі құқықтық негіз қалыптастыру. Заңнаманы үйлестіру үдерісі және алдағы уақытта өтетін Құрылтай сайлауы конституциялық қағидаттар мен Әділетті Қазақстанның құндылықтары негізінде елімізді өркендетудің жаңа кезеңінің басталғанын айғақтайды» деп жазды Мемлекеттік кеңесші.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЕЛ ЕРТЕҢІН АЙҚЫНДАЙТЫН ҚҰЖАТТАР

Кеше Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Жиында депутаттар үш негізгі заң жобасы: «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобаларын және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.



ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТІ ПРЕЗИДЕНТ ТАҒАЙЫНДАЙДЫ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасын Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев таныстырды.

«Заң жобасы кешенді сипатқа ие. Ол 8 тарау мен 43 бапты қамтып, құқықтық реттеуді жүйелейді. 1-тарауда Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі айқындалады, оның ішінде қызметке кірісу тәртібі, өкілеттік мерзімі және Президент лауазымын атқаруға байланысты шектеулер қарастырылады. Президентті сайлау тәртібіне, ант беру мерзімдеріне, сондай-ақ өкілеттік мерзімдеріне қатысты нормалар кезектен тыс сайлау институтынан бас тартуды ескере отырып, нақтыланды. Осы орайда 2022 жылы енгізілген суперпрезиденттік басқару нысанынан бас тартуға бағытталған тұжырымдамалық қағидаттар өзгеріссіз сақталғанын бөлек атап өткім келеді. Бұл – Президенттің бірреттік жеті жылдық өкілеттік мерзімі, оның жақын туыстарына қатысты шектеулер және Президенттің саяси партиядан тыс болуы туралы нормалар» деді министр.

Оның айтуынша, 2-тарауда Конституцияға сәйкес Президенттің өкілеттіктері белгіленген. Соның ішінде сыртқы және ішкі саясаттың негізгі бағыттарын айқындауға қатысты құзыреттер, Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, сондай-ақ кадрлық мәселелер мен норма шығару функциялары айқындалады. Алғаш рет жеке бапта Президенттің Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты өкілеттіктері бекітіледі. Олардың қатарында Кеңестің құрамын бекіту және ұйымдастырушылық инфрақұрылымды қалыптастыру мәселелері көзделген. Бұл жоғары консультативтік органның мемлекеттік басқарудың жалпы жүйесіне үйлесімді қосылуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты Президенттің өкілеттіктерін реттейтін жеке норма енгізіледі. Президент Конституцияға сәйкес омбудсменді тағайындайды және оның жыл сайынғы баяндамасын тыңдайды. Бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың институционалдық кепілдіктерін күшейтеді.

«Заң жобасының негізгі новелласы – конституциялық деңгейде енгізілген жаңа институт – Қазақстан Республикасының Вице-Президентін іске асыру. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын арттыруға және жоғары билік органдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған» деп түсіндірді ол.

3-тарауда Вице-Президентті тағайындау тәртібі белгіленеді – оны Құрылтайдың келісімімен Президент тағайындайды. Бұл ретте кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары нақты айқындалған. Сонымен бірге оның өкілеттігін тоқтату негіздері, жоғары лауазымды тұлға мәртебесіне ұқсас шектеулер қарастырылады.

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасында Президенттің Құрылтай келісімімен қандай лауазым иелерін тағайындайтыны нақты белгіленген. Бұл туралы Парламент палаталарының отырысында аталған құжатты талқылау барысында Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан айтып берді.

«Конституциялық заңның жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің құқықтық жағдайын айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік билік субъектілеріне қатысты Президент өкілеттіктерін регламенттейді. Қазақстан Республикасының Президенті – Мемлекет басшысы – мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын жоғары лауазымды тұлғасы, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстан атынан өкілдік етеді» деді ол.

Депутаттың айтуынша, Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының символы әрі кепілі болып қала бермек.

«Заң жобасына сәйкес Президент Бас прокуроры, Конституциялық соттың, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Жоғары аудиторлық палатаның, Орталық сайлау комиссиясының, Ұлттық банктің төрағаларын, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді және Мемлекеттік күзет қызметінің бастығын жеке өзі тағайындайды. Президент Құрылтаймен келісу бойынша Вице-Президентті, Премьер-министрді, Конституциялық соттың 10 судьясын, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесін, сондай-ақ Жоғарғы соттың судьяларын тағайындайды және сайлайды» деді Жанарбек Әшімжан.

ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МИРАСҚОРЫ

Кеше депутаттар мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның айтуынша, заманауи Құрылтай бұрынғы тарихи Құрылтайды қайта құру емес. Қазіргі Құрылтай заң шығарушы билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде жаңа мән-мағынаға ие болады. Заң жобасына сәйкес, Құрылтайдың құрамы 145 депутаттан тұрады. Олар пропорционалды жүйе бойынша сайланып, өкілдік мерзімі 5 жыл болып белгіленеді. Сондай-ақ заң жобасында Құрылтайдың заңдарды қабылдау, мемлекеттік органдарды қалыптастыруға қатысу және парламенттік бақылаудың тетіктерін жүзеге асыруды қамтитын құзыреті белгіленеді. Бұдан басқа, заң жобасы Құрылтайдың Үкіметпен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды. Құжатта Құрылтай Парламенттің құқықтық мирасқоры болатыны туралы норма бар. Жаңа бір палаталы парламентте депутат этикасы жөніндегі кеңес құрылады. Айдос Сарым түсіндіргендей, «Құрылтай туралы конституциялық заң» нормаларына сәйкес, енді отырыстардағы сөйлеу мәдениеті мен тәртіп қатаң бақыланады. Депутат сөйлеу мәдениетінің бақылануы әлемдік тәжірибеде бар екенін айтып, британ парламентін мысал етті.

«Англияда айтуға болмайтын сөздердің тізімі бар. Бізде әзірге ондай жоқ, бірақ сөйлеу және өзін ұстау мәдениетін қалыптастыру қажет» деді ол.

Журналистер Мәжіліс депутатынан әріптестерінің кейде әлеуметтік желіде дауласып қалатынын, жеке басқа қатысты пікір айтатынына қатысты сауал қойды. Мұндай дау сот арқылы немесе этика комиссиясы арқылы шешіледі.

Ал Сайлау туралы заңға енгізілетін өзгерістер мынадай: егер әкім сайлауында екі кандидаттың дауысы тең болса, қайта дауысқа салынады; бір адам бір уақытта әрі әкімдікке, әрі мәслихатқа кандидат бола алмайды; интернетте (әлеуметтік желі, сайттар) үгіт жүргізуде барлық кандидаттарға тең мүмкіндік беріледі; партиядан шыққан кандидат өз партиясының сайттары мен парақшаларын еркін қолдана алады; кандидаттар тек арнайы сайлау қоры арқылы ғана ақша жұмсай алады (жасырын қаржыға тыйым); сенімді тұлға болу үшін адам 18 жастан асуы керек және өзі кандидат болмауы тиіс; әкім боламын деген кандидат халықтан қол жинауы керек (белгілі бір мөлшерде); қылмыс жасаған адамдар сайлау комиссиясына кіре алмайды; комиссия мүшелері ереже бұзса, ескерту алады, қайталанса жұмыстан шығарылады.

№54 (4952) 09/05/2026 Сенбі



«АНАҒА ТАҒЗЫМ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Халықаралық отбасы және Аналар күніне орай елордада «Анаға тағзым» аллеясының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараны Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия мен Қазақстан халқы ассамблеясының республикалық аналар кеңесі бірлесіп ұйымдастырды.

Астаналық мәдениет және демалыс саябағында өткен іс-шараға 200-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында мемлекеттік органдардың өкілдері, қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйым мүшелері, ақ жаулықты әжелер, көпбалалы аналар, жастар мен қала тұрғындары бар. Алғаш болып сөз алған Астана қаласы Нұра ауданы әкімінің орынбасары Қуаныш Молдабек отбасы институтының маңызы, ананың қоғамдағы рөлі мен ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігі туралы айтты. Қазақстан халқы ассамблеясы аналар кеңесі төрағасының орынбасары, жазушы Камал Әлпейісова, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Сұңқар Хангелдина, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжанова аналарды мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Іс-шара барысында бала тәрбиесі мен қоғамдық өмірде белсенділігімен танылған аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» табыс етілді. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экология акциясы аясында өткен іс-шара барысында елорданың барлық ауданынан жиналған көпбалалы аналар мен қоғам белсенділері 50 түп алмұрт ағашын отырғызды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бастама қаланың жасыл белдеуін кеңейтіп қана қоймай, тұрғындар арасында табиғатқа жанашырлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Жиын соңында астаналық өнер майталмандары әннен шашу шашты.

Нұрдәулет КӘКІШТЕГІ

ЖАС ЖОЛ ИНСПЕКТОРЛАРЫ БАЙҚАУЫ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елордадағы №90 мектеп базасында жас жол инспекторларының қалалық байқауы ұйымдастырылды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Іс-шараның басты мақсаты – жазғы демалыс қарсаңында балалар арасындағы жол-көлік жарақатының алдын алу, сондай-ақ оқушылардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріп-тұру мәдениетін қалыптастыру.

Бұл жолы полицейлер дәстүрлі дәрістерден гөрі интерактивті тәсілге басымдық берді. Оқушылар жол қозғалысы ережелерін ойын және сайыс форматында меңгеріп, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдайды талдап, дұрыс шешім қабылдау дағдысын жетілдірді. Профилактика жұмысына да ерекше көңіл бөлінуде. Балалардың ақпараттық сауатын арттыру мақсатында әлеуметтік желілер, бейнероликтер және көрнекі материалдар секілді заманауи құралдар кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар мектеп маңында, әсіресе ауысым уақытында және сабақ аяқталғаннан кейін полиция қызметкерлерінің кезекшілігі күшейген. Байқау да осы бағыттағы маңызды шаралардың біріне айналды. Қызықты әрі тартымды формат оқушыларға жол қозғалысы ережелерін тереңірек меңгеруге және жолдағы қауіпсіздіктің маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Сайысқа қаладағы 7 мектептің командалары қатысты. Олар жол қозғалысы ережелері бойынша білімін, зейінін және қауіпсіз жүріс-тұрыс машығын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша №90 мектеп бас жүлде иегері атанды. Бірінші орынды №16 мектеп жеңіп алса, екінші орынды №43 және №108 мектептер өзара бөлісті. Ал үшінші орын №8, №42 және №55 мектептерге бұйырды.

Ернұр ҚАЙНАР

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті орман және дала өртінің алдын алу жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, қауіпті кезеңнен қауіпсіз өтуге бағытталған шаралар кешенін жүргізіп жатыр. Бұл туралы Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Ғабит Бабаев елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім етті.



Табиғи өрттің негізгі себептері көбіне өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау, отпен абайсыз әрекет ету, сондай-ақ құрғақ шөп пен қоқысты өртеу болып саналады.

– Өрт қаупі маусымы басталар алдында Астана қаласының аумағында табиғи өрттің туындау қаупін төмендету және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Оның аясында жауапты мемлекеттік органдар профилактика жұмыстарын жүргізеді. Негізгі бағыттардың бірі – аумақтарды құрғақ шөптер мен қамыстан тазарту. 2026 жылы жергілікті атқарушы органдар жалпы аумағы 341 гектар қамыс өсетін 74 учаскеде құраған шөптерді шабу жұмысы жүргізілуде. Бүгінде 244,5 гектар аумақ шабылған. Өрттің алдын алу мақсатында Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті тұрақты профилактикалық рейдтер жүргізетін мобильді топтар құрған. Бүгінгі таңда 10 рейд өткен. Тексеру барысында департамент қызметкерлері өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу фактілерін анықтады. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың 2 дерегі тіркеліп, әкімшілік хаттама толтырылды. Профилактика жұмыстары мен қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау төтенше жағдайлардың алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып қала береді, – дейді Ғабит Бабаев.

Қымбатты елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл қасиетті мереке халқымыздың ерлігі, батырлығы және қайсар рухының символы ретінде тарихта мәңгілікке жазылды. Біз майдангерлердің, тыл еңбеккерлерінің – бейбітшілік пен бостандықты қорғап, бізге болашақ сыйлаған барша жандардың ерлігін терең ризашылықпен еске аламыз. Әр отбасында соғысқа байланысты өз тарихы, қайғысы мен мақтанышы, Ұлы Жеңіске қосқан үлесі бар. Ерекше құрметпен ардагерлерімізге, тыл еңбеккерлеріне сұрапыл соғыс жылдарын бастан өткеріп, әр күн сайын Жеңісті жақындатқан жандарға алғыс айтамын. Сіздердің ерліктеріңіз – нағыз отансүйгіштік пен рух мықтылығының жарқын үлгісі. Бейбіт өмір үшін, келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасаған еңбектеріңізге мың алғыс! Бүгінде осы ерлікті ұмытпай, жас ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ парызымыз. Соғыстың қайғысы ешқашан қайталанбас үшін ел ішінде әрдайым бейбітшілік, бірлік пен татулық салтанат құрсын. Сіздерге, құрметті ардагерлер және еліміздің барлық тұрғынына зор денсаулық, бақыт, амандық, бейбіт өмір мен береке тілеймін! Әр шаңырақта жылулық пен мейірім орнап, еліміздің аспаны әрдайым ашық болсын!

Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Ардақты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері және астаналықтар!

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтаймын! Бұл – ерлік пен елдіктің, батырлық пен қайсарлықтың мерекесі. Ардақты аталарымыз бен әжелеріміздің Отан үшін көрсеткен жанқияр ерлігі мен тылдағы ерен еңбегі кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала береді. Бейбіт өмір мен ұрпақтың жарқын болашағын сақтап қалу жолында төккен терлері үшін оларға зор ризашылық білдіреміз. Ардагерлеріміздің жасаған ерен еңбегі жас ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Құрметті соғыс ардагерлері және тыл еңбеккерлері, әрдайым құрмет пен қамқорлыққа бөлене беріңіздер! Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Жеңіс рухы жүрегімізде мәңгілік сақталады!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері! Ардақты тыл еңбеккерлері! Қымбатты елорда тұрғындары мен қонақтары!

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі атынан сіздерді ең қастерлі де салтанатты мерекелердің бірі – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Айтулы күні біз бүгінгі бейбіт өмір үшін қарыздар жандарға ерекше құрмет пен шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Қадірлі соғыс ардагерлері, тылдың даңқты еңбеккерлері, сіздерге тағзым етеміз! Баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, сергек рух, жақындарыңыздың сүйіспеншілігі мен қамқорлығын, бақыт пен бақ-береке, бейбіт аспан тілеймін!

Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Нүктелік құрылыс мәселелері, Бас жоспар мен Егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарын сақтау туралы» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Көпшілік тыңдаулар 2026 жылғы 9 маусымда сағат 15:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді.


Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

25 МЫҢ ГҮЛ ЕГІЛЕДІ

Бас қаланың Сарыарқа ауданында маусымдық көгалдандыру жұмысы қарқын алды. Осы жылдың көктем мен жаз айларында аумақтың сәнін келтіретін 25 мыңнан астам жасыл желек отырғызылады.

Көшелер мен саябақтарды абаттандыру үшін 2121 дана көпжылдық гүлдер, 23 мың түп біржылдық гүлдер таңдап алынды. Олардың қатарында ауа райына төзімді ырғай, үрмешөп, арша, тобылғы, акация сияқты түрлер бар. Қазір жасыл желектерді күтіп-баптау және суару жұмысы жауапты мердігерлердің қатаң бақылауында.



№54 (4952) 09/05/2026 Сенбі



ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРІ

Елордада Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жалғыз майдангер қалды. Бұл – 102 жастағы Ырзақұл Байкешев. Астана қаласының әкімдігі ардагерге барынша қолдау көрсетіп отыр. Жеңіс күні қарсаңында майдангерге бір реттік әлеуметтік төлем ретінде 5 млн теңге берілді. Бұған қоса, әкімдік ай сайын коммуналдық төлемдерін жауып, тегін дәрімен қамтамасыз етеді, шипажайда ем алуға қаржы бөледі.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек майдангердің шаңырағына арнайы барып, хал-жағдайын білді. Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтады.

Ырзақұл ақсақал Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Үшқаты деген жерде туып-өскен. 1942 жылдың ақпан айында мектеп партасынан соғысқа алынды. Ақтөбеде ол уақытта 101-атқыштар бригадасы құрылып жатқан. Осы бригада құрамында үш ай соғыс тәсілдерін үйренді. Содан сол жылдың мамыр айында атақты маршал, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Иван Конев қолбасшылық ететін Калинин майданына жіберілді. Великие Луки мен Калинин қалалары түбінде соғысты. Польша, Венгрия, Румыния елдерін жаудан азат етуге қатысты. Әрі қарай майдангердің әскері Берлинге қарай жылжыды. Будапештте өтер-өтпесте ауыр жараланды. Госпитальда жатып Жеңіс күнін қарсы алды.

«Мәскеуді қазақтар қорғап қалды» деп мақтанатынымыз бар. Шындығында солай. Қорғап қана қалмай, соғыстан кейін Одақ астанасының аяққа тұруына да қандастарымыз үлес қосты. Солардың бірі – Ырзақұл ақсақал. Кейіпкеріміз 1945 жылдың көктем-күзінде Мәскеудің түбіндегі Ногинск қаласындағы әскери зауытта жұмыс істеді. Елге оралғаннан кейін халықтың жадау тұрмысын көреді. Тың дабылы қағылғанда, Ақмола өңіріне бір-ақ тартады. Содан Ақтөбеден келген үш жігіт Рождественкада (қазіргі Қабанбай ауылы) жұмысқа орналасады. Экспедитор болып қызмет істейді. Осы жерде өмірлік серігін тауып, Ақмоламен шекаралас Қарағанды облысының Нұра ауданындағы Ахмет ауылының қызымен шаңырақ құрады. Жарымен 45 жыл отасып, екі ұл сүйді, немере-шөбере көрді. Қазір немересі Талғаттың отбасымен бірге елордада ғұмыр кешіп жатыр. «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Маршал Г.К.Жуков» медалімен, көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

БІР УЫС ТОПЫРАҚ

Қазақ елінде Ұлы Отан соғысына әр отбасыдан аттанбаған азамат кем-де-кем шығар. Сол кеткен боздақтардың артынан «қара қағаз» келіп, елге оралмай, хабар-ошарсыз кеткендері қаншама...

Сондай жанның бірі Иса Қаражанов соғысқа аттанғанда артында ата-анасы, жұбайы және 5 жасар қызы Базаркүл қалған еді. Ата-анасы, жұбайы бір хабар келер деп күтумен өмірден өтті. Жоғарғы жаққа әр мекемеге хат жазып, көп іздеудің арқасында 5 жасында қалған Базаркүл Исақызына 90 жасқа жақындағанда әкесі Украинададағы Запорожье даласы Хортица жерінде жерленгені туралы хат келді. Сол сәтте баланың әкеге деген сағынышын сөзбен жеткізу мүмкін емес, сан жылдар күткен үміті ақталғанда, көз жасына ырық берді.



Базаркүл Исақызы – кешегі Ақмоланың, қазіргі Астананың тумасы. Бұрын Киров совхозы аталған, бүгінгі Көктал тұрғын алабында дүниеге келді. 1954 жылы Рақымжан Әлиакпаров деген азаматпен шаңырақ құрды. Алты баланы дүниеге әкелді.

Базаркүл әже әкесіне топырақ бұйырған жерге барып, презенттік парызды ақтап, басына тағзым жасап, дұға бағыштап келсем деп ойлап жүрген еді. Денсаулығы ұзақ жолды көтермейтін болғандықтан, ақылдасып, балаларының ішінен Бірлік пен Ләззат барып келсін деп шешті. Перзенттері анасының айтқанын орындап, аталарының жатқан жеріне ұрпақтарының атынан бір уыс туған жерінің топырағы мен Сарыарқаның жусаның ала барып, басына тағзым жасап, гүл шоқтарын қойып, дұға бағыштады.

Оспан СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

ЖӘДІГЕРЛЕР КӨРМЕСІ

Астанадағы Достық үйі ғимаратында Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күніне орай дөңгелек үстел ұйымдастырылып, қонақтарға соғыс жылдарынан сақталған жәдігерлер көрмесі ұсынылды.



Экспозицияда каска, оқ, пулемет таспасы және сол кезеңге тиесілі өзге де артефактілер қойылды. Сонымен қатар келушілер Жеңіске өз өмірін арнаған батырлардың портретімен танысты.

Іс-шараға ардагерлер, этномәдени бірлестіктердің өкілдері және белсенді жастар қатысты. Негізгі мақсат – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс туралы тарихи жадыны сақтау, жастарға батырлар жайлы тағылым беру және өскелең ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастыру.

Кездесуді «Тәуелсіз Қазақстанның Халық батырлары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақытжан Ертаев ашты. Ол Отанды қорғау тек әскери міндет емес, әр буынның ел алдындағы жауапкершілігі екенін атап өтті.

– Мен ешқашан генерал боламын, соғысқа қатысамын деп ойлаған емеспін. Бірақ маған Отанды қорғау бақыты бұйырды. Қазақстанымызға бейбітшілік, амандық тілеймін! Барша халық бір шаңырақ астында тату өмір сүрсін! – деді ол.

Бүгінде ұрпақтар сабақтастығын сақтау аса маңызды. Соғыс туралы естелік тек оқулық беттерінде қалып қоймай, елдің ортақ тарихи жадында сақталуы тиіс. Қатысушылар мұндай жүздесулер майдангерлер ерлігін ұлықтап қана қоймай, жастарға бірлік, тарихқа құрмет және ел болашағына жауапкершілік сияқты құндылықтардың маңызын терең түсінуге ықпал ететінін атап өтті.



СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘНДЕР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында «Кестелі орамал» атты мерекелік концерт өтіп, көрермендерге халықтың өткен ғасырдағы тарихы, соғыс жылдарындағы рухани беріктігі мен бейбіт өмірдің қадірі өнер арқылы көрсетілді.

Шапағат ӘБДІР

Атап айтқанда, соғыс жылдарынан сыр шертетін «Батыр Бауыржан», «Жас қазақ», «Ана туралы баллада», «Әлия», сондай-ақ кеңес кезеңінде кеңінен танылған «Синий платочек», қазақ тіліндегі «Катюша», «Смуглянка», «Темная ночь» және «Журавли» сынды әндер орындалды.

Сахнада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева, Естай Мұқашев, Гүлнұр Оразымбетова, Арайлым Рахымқызы, халықаралық байқаулардың лауреаттары Айдын Жұмабаев, Парасат Отан, Диана Маева, Қымбат Жамбылбек, «Дарын» сыйлығының лауреаттары Мұратбек Хайролда мен Ақбота Құснадин, сондай-ақ «Қазақстан дауысы» жобасының жеңімпазы Құралай Мейрамбек өнер көрсетті. Ал кештің ерекшелігі – шығармаларды мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек жетекшілік ететін «Қорқыт» этноансамблінің сүйемелдеуі. Осылайша қазақтың дәстүрлі аспаптарының үні мен соғыс жылдарындағы әндердің үйлесімі көпшілікке таныс туындыларды жаңа қырынан танытты. Бағдарламаның идея жетекшісі, филармониядағы эстрада-вокал бөлімінің көркемдік жетекшісі Дана Сатаева концерт ән арқылы жететін тарихи кешке айналғанын айтты. Кеш атауы соғыс жылдары жазылған көрнекті композитор Мұқан Төлебаевтың осы аттас шығармасынан алынған.



– Кештің атауына айналған «Кестелі орамал» әні майданға аттанған жауынгерлердің отбасымен ұзақ уақыт хабарсыз қалған кезеңін бейнелейді. Олар хат жазып, оның жақындарына жетер-жетпесін білсе де, әр жолына сағыныш пен жүрек жылуын сыйлады. Осы екі сөздің өзінде үлкен нәзіктік пен махаббат жатыр. Сондықтан мұндай әндерді жастар білуі және есте сақтауы керек. Өйткені бұл туындыларда бейбіт аспан үшін өмірін қиған жандардың рухы сақталған, – деді Дана Сатаева.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ЕСКЕРТКІШТЕР – ЕСТЕЛІГІ ЕРЛІКТІҢ

Екінші дүниежүзілік соғыста жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен жауынгерлердің есімдері бүгінде ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қаһармандық істері әлі күнге дейін ұлықталып келеді. Еліміздің әр өңірінде ержүрек батырларға арнап ерлік пен отансүйгіштіктің естелігіндей ескерткіштер орнатылды. Елордада осындай 8 өнер туындысы бар. Жеңіс мерекесі қарсаңында солар туралы қысқаша мәлімет ұсынбақпыз.

АҚМОЛАЛЫҚ АЙБЫНДЫ ЖАУЫНГЕРЛЕР

1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шайқастарда қаза болған отандастарға арналған монументалды кешен бой көтерді. Ол Жеңіс даңғылының бойында, қазіргі Қазақ ұлттық өнер университетінің ғимараты жанында орналасқан.

Қоладан жасалған екі сарбаз мүсіндерінің артындағы гранит қабырғада «Айбынды жауынгер жерлестеріміздің ерлігіне арналады. 1941-1945 ж.ж. Мужеству и доблести воинов-земляков посвящается», ал ортада «Майданға аттанған 9783 әскерилердің 7414-і Отан үшін жан қиды» деп жазылған. Соғыс кезінде бұл өңірде 310-шы, 387-шы және 29-шы, кейіннен 72-гвардиялық атқыш дивизиялары құрылған болатын.

2015 жылы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ескерткіш қайта жөнделіп, оның айналасы абаттандырылды. Бүгінде Бөгенбай батыр және Жеңіс даңғылдары қиылысындағы гүлзар қала тұрғындары мен елорда қонақтарының күнделікті қарбаластан бір сәт сергіп, тынығатын демалыс орнына айналды. Ақмолалық жауынгерлердің бейнесін сомдайтын мүсіндік композицияның авторлары – мүсінші Валерий Пирожков және сәулетші Василий Тоскин.

«ОТАН-АНА» МОНУМЕНТІ

2001 жылы 9 мамырда Тәуелсіздік даңғылы мен Қажымұқан Мұңайтпасов көшесінің қиылысындағы алаңда «Отан қорғаушылар» мемориалы, «Отан-Ана» монументі тұрғызылды. Мемориалдық кешеннің монументалды композициясы елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің бірлігін білдіретін масақ бау түріндегі қола стела мен бірлікке, келісімге шақыратын Отан-Ана бейнесінен тұрады.

«Отан қорғаушылар» мемориалының өзегі – биіктігі 37,5 метр, салмағы 63 тонналық алып монументте ақ кимешекті әйел-ана алтындатылған зерлі кесесіне ақ құйып, оны қазақы дәстүрімізбен келе жатқандарға қос қолдап ұсынуда. Сондай-ақ соғысқа аттанған жарын, алысқа кеткен ұл-қыздарын алаңдай күтіп тұрған ана бейнесінен бүкіл қазақ әйеліне тән ұлттық болмыс-бітім аңғарылады.

Мемориалдық кешен – қаһарлы соғыс жылдары майданда елінің бостандығы үшін мерт болған жауынгерлер мен арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне деген ерекше құрмет ескерткіші. Оның символикалық мазмұны кешегі мен бүгінгі, ертеңгі ұрпақтар жалғастығын білдіреді. Үш бөліктен тұратын кешеннің авторлары – М.Әлиақпаров, мүсінші Ю.Баймұқашев пен архитектор, сәулетші, суретшілер Б.Тайталиев, Т.Баймырза, Е.Шахиев, Е.Ержанов, А.Бексұлтанов, Н.Конапольев, А.Курицын.

ДАҢҚТЫ ЖАУЫНГЕР, ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫ

2008 жылдың 2 шілдесінде Астанада Кеңес Одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлына арнап ескерткіш ашылды. Ол бас қаланың 10 жылдығына орай батырдың туған жері Жамбыл облысынан тарту етілді.

Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінен бастап генерал-майор Панфиловтың басшылығымен 316-атқыштар дивизиясының құрамында қатысқан Бауыржан Момышұлы Мәскеу шайқасында көрсеткен батылдығы үшін 1942 жылы Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды. Алайда 1990 жылы 11 желтоқсанда қайтыс болғаннан кейін ғана марапатталды. Бір қолымен тізесіне сүйеніп, екіншісімен қылыш ұстап тұрған әйгілі қолбасшының мүсіні алғашында Асқар Тоқпанов көшесінде саябақтың жанында орналасқан. 2015 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық барысында Бауыржан Момышұлы ескерткіші сквер аумағына көшірілді. Осы жерде жастардың Отанға деген патриоттық сезімін арттыруға бағытталған іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Қоладан жасалған ескерткіштің авторлары – мүсінші Темірхан Қолжігіт пен сәулетші Бақытжан Сыздықов.

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН МЕРГЕН

2008 жылы Астананың 10 жылдық мерейтойы қарсаңында С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университет жанында аты аңызға айналған мерген Әлия Молдағұлованың мемориалдық кешені ашылды. Бұл Ақтөбе облысының елордаға жасаған тартуы болды.

Әлия Молдағұлова көшесі мен Жеңіс даңғылы қиылысында орнатылған мүсін қоладан жасалған және гранит тұғырға қойылған, биіктігі – 3,8 метр. Екі жағынан барельеф орнатылған (30,66 х 2,4 метр): сол жақ жартысында ұлы дала бейнесі, көшпенділер рухы бейнеленген, Құрманғазы мен Абылай хан көрсетілген; оң жағында 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтерілістен бастап көптеген қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысын, халқымызды жан-жаққа шашыратқан көріністер ашық бейнеленген. Мемориалдық кешенінің авторлары – мүсіншілер Б.Әбішев, Е.Сергебаев, сәулетшілер В.Кацев, Ж.Айнабеков.

ПАНФИЛОВШЫЛАР ЕСТЕЛІК ТАҚТАСЫ

2015 жылы Астана қаласындағы «Жеруйық» саябағында Кеңес Одағының батыры, генерал-майор Иван Васильевич Панфиловқа арналған ескерткіш ашылды. Қола мен граниттен жасалған ескерткіштің биіктігі – 2,5 метр.

Ескерткіш ортасында гүл шоқтарын қоюға арналған тақта бар. Шығыс бетінде Мәскеуді қорғауда ерлікпен қаза тапқан 28 жауынгер-панфиловшылардың естелік тақтасы орнатылған. Сондай-ақ батырдың Алтын Жұлдыз медалі бекітілген 28 стелла жасалған.

Бұл тақта тек Иван Панфиловқа ғана қойылған ескерткіш емес, ол – фашизмге қарсы шайқасқа қатысқан қазақстандықтарға және сол шайқас алаңында қаза болғандар мен сұрапыл соғыстан қайтып келіп, еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқандарға деген мәңгілік құрмет белгісі. Себебі генерал-майор Иван Панфилов басшылық еткен 316-атқыштар дивизиясы 1941 жылы жазда Алматыда құрылған. Оның құрамы Қазақстан мен Қырғызстаннан әскерге шақырылған азаматтардан жасақталған. Естелік тақтаның авторы – мүсінші Ренат Әбенов.

ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

2016 жылдың қазан айында Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Астана қаласында Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткіші ашылды. Ол өзінің атындағы және Бауыржан Момышұлы даңғылдарының қиылысында орналасқан.

1924-1988 жылдары өмір сүрген батыр екінші дүниежүзілік соғыс майданына 1944 жылы аттанған. 1945 жылы Григорий Булатовпен бірге алғаш Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен. Осы ерлікті жасаған кезде ержүрек қазақ жауынгер небәрі 21 жаста болған.

Жобаға сәйкес, мүсіндік композицияның биіктігі – 6 метр, ал гранит тұғырдың биіктігі – 4,5 метр. Қоладан құйылған 11 метрлік туындының авторы – «Қазақ елі» монументін жасауға қатысқан белгілі мүсінші Асқар Нартов.

ШИНЕЛЬ КИГЕН ҚЫЗ

2018 жылы Батыс Қазақстан облысы Астананың 20 жылдығына орай «Өңірлерден Астанаға сыйлық» жобасының аясында елордаға Кеңес Одағының батыры, әйгілі жауынгер Мәншүк Мәметованың ескерткіші мен «Ақжайық» алаңын тарту етті.

Жеңіс даңғылының бойындағы «Ақжайық» саябағында орналасқан шинельдегі қыздың мүсіні қоладан, ал тұғыры граниттен соғылған. Мүсіннің биіктігі – 6,1 метр.

Мәншүктің бұдан бұрын орнатылған ескерткіштерінде Максим пулеметі қоса бейнеленсе, бұл жолы батыр қыз желбегей жамылған шинелін қос қолымен қымтап, оң аяғын сәл алға басып ойланып тұр.

Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында дүниеге келген Мәншүк Мәметова 1942 жылы өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 21-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші соғыста ол ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Батыр қыздың есімі 2022 жылы Орал халықаралық әуежайына берілді. Астанадағы Мәншүк ескерткішінің авторы – мүсінші Мұрат Мансұров.

АСПАНДА ЖАСЫН ОЙНАТҚАН

2021 жылы Сарыарқа даңғылы бойында Кеңес Одағының екі мәрте батыры, әйгілі ұшқыш Талғат Бигелдиновтің ескерткіші қойылды.

Екінші дүниежүзілік соғыста ерен ерлік пен батылдықтың, кәсіби шеберлік пен Отанға адалдықтың үлгісін көрсеткен Талғат Бигелдинов ИЛ-2 шабуылдаушы ұшағымен 305 рет ұшып, сол 500 сағаттық ұшу кезінде жауапты тапсырмаларды бұлжытпай орындады.

Сарыарқа даңғылының батыр атындағы көшемен қиылысқан жерінде орнатылған ескерткіш алапат майданда ерлікпен шайқасып, тылда жеңісті жақындатқан ардагерлерге құрмет пен олардың ерлік жолын мәңгі есте сақтайтын ұрпақ сабақтастығын көрсетеді. Қола, граниттен жасалған ескерткіштің мүсіншісі – Нұрлан Далбай, сәулетшісі – Расул Сатыбалдиев.



№54 (4952) 09/05/2026 Сенбі

СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ АҚМОЛА

Елорда архивінде сақталған сол жылдардағы фотосуреттер мен басылым материалдары және белгілі ғалым Д.Сейітқали ағамыздың осы орайда дайындалған үлкен еңбегінен алынған ақпараттар – Ақмола жерінің сол бір қиын-қыстау кезеңдегі тіршілігін, соғысқа аттанған ерлеріміздің ерлігін, тылдағылардың жанқияр еңбегін баяндайды.

Тарихи дерек бойынша 1939 жылы қазанда Ақмола қаласы Ақмола облысының әкімшілік орталығы болып құрылған. Қалада 32,5 мыңнан астам халық болған, 32 кәсіпорын жұмыс істеген, оның 3-еуі республикалық маңызы бар, 3-еуі жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп санатына жатқан, ал қалғандары өндіріс көлемі бойынша шағын, жұмысшылар саны 10 адамнан аспайтын қолөнер түрі еді. Олардың ішінде киіз етік фабрикасы, екі механикалық шеберхана, бірнеше артель және т.б. бар. Кәсіпорындарда жұмыс істейтін қала тұрғындарының жалпы саны 801 адамды құраған.

Ақмола аумағындағы өндіріс орындарының бәрі дерлік соғыс тұсында Қызыл Армияны және халық шаруашылығы салаларын керек-жарақпен жабдықтауға кірісті. Соның бір мысалы, Шортандыдағы жиһаз жасаумен айналысып келген комбинат енді майданға қажетті арбалар шығара бастады. «Бәрі – майдан үшін, бәрі – Жеңіс үшін!» деген ұран тасталып, халықтың майданға қолдау көрсетуі бірнеше бағытта жүзеге асты. Халық өз қаражатын әскери техника жасауға аударып, жеке адамдар, ұжымдар, колхоздар танк пен ұшақ жасауға қаражат жинап, майданға жіберді. Мысалы, 1941 жылы тамыз айында ақмолалықтар да жексенбілік ұйымдастырып, теміржолшылар 4 паравоз, 3 вагон және 19 шақырым теміржолды тегін жөндеді. Үй шаруашылығындағы әйелдер мен мектеп оқушылары да тыс қалмай, 90 тонна металл сынықтарын жинап өткізді. Ерлер соғысқа кеткеннен кейін олардың орнын әйелдер, қарттар мен балалар басқан еді. Олар зауыттарда қару-жарақ, оқ-дәрі, әскери техника шығару ісіне тартылды. Отан қорғау қорына өткізілген қаражаттан майданға КСРО-ның әскери зауыттарында жасалып шыққан Т-34 танкілерінен құралған «Акмолинский ударник» колоннасы жасақталды. Оның сыртында, тылдағы еңбеккерлер Қызыл Армия жауынгерлеріне азық-түлік, жылы киімдер, аяқ киім, қолғап тоқып, 100 вагон жөнелтті. Олар майдандағы жауынгерлермен бірдей ерлік көрсетті. Ақмола «осоавиахимшылары» республикада бірінші болып танк колоннасын жасақтауға 1 млн 230 мың сом қаржы жинады. «Қазақстан авиаэскадрильясын» жасақтауға жиналған 9 млн 579 мың сом ақшаның 1 млн сомы ақмолалықтар үлесіне тиесілі. Қазақстандықтардың Отан қорғау қорына аударған қаржысы 4,7 млрд сомды құрады десек, соның 700 млн 638 мың сомын Ақмола облысының тұрғындары жинап берген. Жекелеген белсенділерден Ақмола облысы, Қорғалжын ауданының «Қайырлы» және Ақмола ауданы, «Оразақ» кеңшарының төрағалары 100 мың сомнан қорғаныс қорына ақша аударған. Танк пен ұшаққа Ақмола тұрғындары 3 млн 719 мың рубль жинап, ақшалай лотореялар 5 млн 666 мың рубльге сатылған.



Ақмола өңірі майдан даласынан алыс болғанымен, соғыс жылдарында әсіресе, тылдағы қажыр-қайратқа толы еңбегімен ерекше көзге түсті. Мұнда эвакуацияланған заводтар мен фабрикалар жұмыс істеп, жаралы жауынгерлерге госпитальдар ашылды, сонымен қатар майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуде жергілікті халық тынбай еңбек етті.

Тұтқиылдан шабуыл басталғанда батыс өңірлердегі маңызды өндіріс ошақтарының біразы Ақмола өңіріне көшіріліп, олар тәулік бойы жұмыс істеді. Соның есебінен мұндағы кәсіпорындардың саны 2,5 есеге дейін өсті. Өңірде одақтық маңызы бар бірнеше зауыт бой көтерді. Соғыс жылдарында Ақмола облысына эвакуацияланған бейбіт тұрғындар саны алғашқы кезеңде 68500-ге жеткен. Олардың арасында жаралылар мен қарапайым азаматтар, әскери қызметкерлер болған еді. Бұл жағдай жаңа өндіріс орындарының ашылуына және халықтың жұмыспен қамтылуына ықпал етті. 1941 жылдың күзінде Украинаның Мелитополь қаласынан станок жасау зауыты көшірілді. Мұнымен бірге 165 инженер техник пен маман жұмысшылар келді. Ғимараттың жетіспеуіне байланысты зауыт Педагогикалық училищеге, облыстық атқару комитетінің гаражына, Облыстық транспорт одағы шеберханасына, Ауыл шаруашылығы механизациясы мектебіне орналастырылды. Оқу кабинеттеріне, дәліздерге, спорт залға станоктар қойылды. Жергілікті тұрғындардан зауыт жұмысына М.Құсайынов, Н.Абдуллин, А.Романенко, Қ.Мұсабеков сияқты т.б. жүздеген ақмолалық тартылды.

Көп кешікпей 15 қарашада зауыт майданды тиісті керек-жарақпен қамтамасыз ете бастады. Мұнда тек соғысқа қажетті заттар ғана емес, облыстың ауыл шаруашылығы үшін де құралдар шығарылып, жөндеу жұмыстарына көмек көрсетілді. Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын және асыра орындағаны үшін республикалық Құрмет тақтасына жазылды. Әуелі «ОГПУ атындағы зауыт» аталып, сосын «№317 зауыт» деп өзгерді. Соғыс біткеннен кейін қайта құрылып, 1959 жылдан бастап «Насос зауыты» деп аталды.

1942 жылы «Сельхозтранспорт» автошаруашылығы базасында ауылшаруашылық техникалары мен қосалқы бөлшектер шығаратын зауыт салу басталды. «Ростсельмаш», киевтік «Арсенал», Таганрог қаласының комбайн зауыттарының цехтары зауыт құрылысына пайдаланылды. Сол кездегі жағдайдың қиындығына қарамастан жоспарлар мерзімінде орындалды. Челябі компрессор зауытынан келген М.Шнурков есімді азамат зауытқа басшылық етті. Облыс шаруашылықтары көмек ретінде 60 өгіз, 40 жылқы, 2 трактор бөлді. Мұндағы ауыр жұмыстың бәрі әйелдер мен жасөспірім балалардың иығына артылды.

Ал 1943 жылы салынған «Казахсельмаш» зауытында алғашқыда снаряд пен миналар жасалғанын біреу білсе, біреу біле бермеуі мүмкін. Ол кейін егіс даласы үшін тырмалар мен ауылшаруашылық техникаларының қосалқы бөлшектерін, КЛ-5 (Клейтон) сеялкасын шығарды. Сонымен бірге Ақмолада шыны жасау және вагон жөндеу кәсіпорындары салынғаны, 16 жергілікті өндіріс орны мен кооперативтер іске қосылғаны, оларда 3 мыңға жуық адам еңбек еткені мәлім.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ақмола теміржолшылары майдан мен тылдың қажеттіліктерін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Ақмола теміржолшылары 76 паравоз бригадасына бірігіп, табандылықпен еңбек етті. Жаңа қабылдау-жөнелту жолдарын салу, локомотив депосын қайта құру және көлік паркін қайта жарақтандыру Ақмоланың өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Соғыс жылдарында бес жаңа қабылдау-жөнелтуші жолдар төселді, Петропавл бағытында станциядан бөлек шығатын жол салынды. Екі шойын құю және бір қола құю цехы, токарлық және доңғалақ цехтары, вагон жөндеу зауытының құрылысы басталды.

Соғысқа дейін теміржол торабының тәуліктік өткізу қабілеті 10 пойыздан тұрса, соғыстың аяғында 26 пойыз болды. Ақмолалық теміржолшылардың еңбекқорлығы стахановшылар қозғалысының өркендегенін дәлелдеді: 1941 жылы зауытта 509 стахановшы еңбек етті. Тарихи дерек бойынша соғыс кезінде 2834 әйел өндірістік жұмыстарға, ал облыстан «еңбек армияларына» 32 мың адам тартылған, төрт жылда ақмолалықтар мемлекетке 32,2 млн пұт астық тапсырған. Кеңес Одағының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін өңірлері жау құрсауында қалғандықтан Ақмола сияқты астықты өңірлерде картоп, көкөніс, бидай егістерінің көлемін ұлғайтуға тура келген. Соның нәтижесінде төрт жылда Ақмола өңірі мемлекетке 32,2 млн пұт астық, 24,5 мың тонна ет, 59,4 мың тонна сүт өткізген.

Ақмола тұрғындарының саны сырттан көшіп келушілер мен эвакуацияланған халық саны есебінен өсе түсті. Қала халқы соғыстың аяғында 80 мыңға жетті. Соғыс уақытында Ақмола өңірі күштеп көшірілген халықтарды қабылдау орны болды. Бірінші жылы 68,5 мың адам көшіп келді және олардың басым бөлігі облыс орталығына тұрақтады. Қалалық билік арнайы көшірілгендердің еңбек және шаруашылық тұрмыстық орналасуы мәселелерін жедел шешті. Арнайы қоныстанушыларды орналастыру кезінде мал таратылды, жәрдемақылар берілді, арнайы қоныстанған отбасылар жылы киіммен қамтамасыз етілді, өндіріске жұмысқа орналасты. Ақмола облыстық атқару комитетінің 1944 жылғы қаулысына сәйкес Солтүстік Кавказдың арнайы қоныстанушыларына арналған аяқкиім өндіру үшін жүнді өңдеу кестесі бекітілді. Қалалық Кеңес атқару комитеті Ғабдуллин атындағы артелдің төрағасына екі күн мерзім ішінде «Заготживсырье» конторынан 500 кг жүн таңдап алып, 1944 жылдың 15 желтоқсанына дейін киізден жасалған аяқкиімді өңдеуді аяқтауды тапсырды. Ақмола соғыс кезінде майданнан ауыр жараланып келген жауынгерлерді емдеу орнына айналды. Олар үшін жаңа ауруханалар, оның ішінде Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған емханалар ашылды. Осылайша №1600 және №3006 эвакогоспитальдар пайда болды. Атбасарда №3006, Сталин ауданында №1344 госпитальдар жаралыларды емдеді. Атбасар госпиталында тұтқынға түскен неміс жауынгерлерін де емдеген.

Осылайша өздеріңізбен Ақмоланың II Дүниежүзілік соғыс жылдарындағы өмірін сипаттайтын кезең жайлы бөліскенді жөн көріп отырмыз. Мұндағы келтірілген деректерге Астана қаласының архивінде сақталған құнды құжаттар арқау болып отыр. Бұл да өз кезегінде қала тұрғындары мен қонақтарының аталған кезең бойынша тарихи білімін кеңейтуге көмектеседі деген ойдамыз.

Жангелді БИМОЛДИН,
Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АУДИТОРЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ: АНЫҚТАЛҒАН ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Тексеру комиссиясы Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, мамыр айының басында ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдардың өкілдерімен және олардың бақылау кеңестерінің мүшелерімен жұмыс кездесуін өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – соңғы екі жылда денсаулық сақтау ұйымдарында өткізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындыларын түсіндіру, сондай-ақ негізгі проблемалық мәселелерді талқылауға және оларды шешу тәсілдерін әзірлеуге арналды.

Медициналық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттырудағы бақылау кеңестерінің рөліне, сондай-ақ басқару шешімдерінің сапасына ерекше назар аударылды. Жүктелген функцияларға қарамастан, бақылау кеңестерінің қызметі кейбір жағдайларда ресми сипатта болатыны атап өтілді.

Атап айтқанда, байқау кеңестері өз міндеттерін толық атқармайды: ұйымдарды дамытудың негізгі мәселелері қарастырылмайды, жоспарлар бекітілмейді, қаржы-шаруашылық қызметіне тиісті бақылау жүргізілмейді. Нәтижесінде басқару тиімділігі төмендейді және қаражатты мақсатсыз пайдалану қаупі туындайды.

Сондай-ақ комплаенс-бақылау және ішкі аудит қызметтерінің қызметінде бұзушылықтар анықталды. Ашықтықты қамтамасыз етудегі және заңнаманы сақтаудағы шешуші рөліне қарамастан, олардың әлеуеті толық пайдаланылмайды. Ішкі аудит бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, процестердің тиімділігін арттыруға ықпал етуі керек, бірақ іс жүзінде бұл функция жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылады.

Медициналық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығы мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Жекелеген



кәсіпорындарда төмен тарифтермен және соның салдарынан табыстың жеткіліксіздігімен байланысты проблемалары анықталды. Бұл кредиторлық берешектің жинақталуына әкеледі.

Бұдан басқа, қаражатты тиімсіз пайдалану фактілері, оның ішінде тұрақты сипаттағы функцияларды орындауға азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу кезінде анықталды. Бұл бюджет қаражатын ұтымды жұмсау қағидаттарының бұзылғанын көрсетеді.

Сондай-ақ кездесу шеңберінде медициналық ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде жіберетін үлгілік бұзушылықтары, оның ішінде тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алу және жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселелері түсіндірілді.

Кездесу барысында соңғы үш жылда қол жеткізуі 40-70% шегінде өзгеретін медициналық ұйымдардың тиімділігінің нысаналы көрсеткіштерін (Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бекіткен тиімділік индикаторларына қол жеткізу туралы Меморандум шеңберінде) орындау мәселесі жеке қаралды.

Еңбекақы қорының жағдайы ерекше алаңдаушылық туғызады. Бірқатар ұйымдарда оның үлесі белгіленген нормативтерден асып, жалпы бюджеттің 75%-нан астамын құрайды. Бұл ретте қызметкерлерге ынталандыру сипатындағы төлемдер бойынша берешек жағдайлары сақталады.

Кездесу «Сұрақ – жауап» сындарлы форматында өтті. Оның қорытындысы бойынша қатысушылар анықталған бұзушылықтарды жоюдың және жалпы медициналық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттырудың бірыңғай тәсілдерін әзірледі.



НАЙЗАҒАЙДАЙ ЖАРҚ ЕТІП НҰРЫН ШАШҚАН

Қазақтың аяулы перзенті, белгілі ғалым, профессор Арыслан Зейноллаұлы Молдахметовтің туғанына биыл 60 жыл толды. Небәрі 37 жасында жарық дүниемен қоштасып, мәңгілік сапарға аттанғанына да жиырма жылдан астам уақыт өтіпті. Артында қалың елі мен ата-анасы, жары мен қос бүлдіршін қыздары, ағайын-туысқандары мен қимас жан-жолдастары қалды.

Арыслан Зейноллаұлы еліне аянбай қызмет еткен, артына өшпес істерін қалдырған адал азамат еді. Өзінің қысқа өмірінде найзағайдай жарқ етіп, айналасына нұрын шашып үлгерді. «Орнында бар оңалар» дегендей, ғалымның бастаған ісін жалғастыратын ізбасарлары баршылық.

Жаратқанның өлшеп берген уақытында Арыслан толымды өмір сүріп, біраз дүниенің басын қайтарып үлгерген, кез келген істі тыңғылықты орындап, мұқият талдап, байыбына жетуді әдетке айналдырған. Арыслан бала кезінен білім мен ғылымға бейімделіп, еңбекқор, ізденімпаз тұлға болып қалыптасқан. Мектеп бітіргеннен кейін Мәскеу мемлекеттік университетін таңдауының өзі біраз дүниенің басын ашқандай. Қанатын кеңге жайған бозбаланың алар биігі мен бұзар қамалы алда екенін меңзегендей әсер қалдырады. Тағы бір көзге түсер ерекшелігі – ешкімге иек артпау, ауыртпалық салмау, кез келген түйінді өздігімен шешу әдеті. Мысалы, оқу барысында кәсіби тәжірибесін Алматы мен Астанада өткізуге мүмкіншілігі бола тұрып, шалғайдағы Қызылжар қаласында өткізген. Әкесі Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов сол кезде Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, Қарағанды облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болса да, баласын «жылы жерге» орналастыруға түбегейлі қарсы болды. Өзі әкесінен жастай жетім қалып, өмірдің тауқыметін көп көрген Зейнолла ақсақал баласының адал жолмен жүріп, еңбектенгенін қалады. Ұлы да әкесінің ұстанымын қолдап, сенімін ақтауға тырысты. Оқуын бітіргенде жас маман еңбек жолын Жезқазған қаласының прокуратурасында стажер болудан бастап, көлік прокуратурасының тергеушісі болған, сөйтіп сатылап-сатылап қызметі жоғарылайды. Біраз тәжірибе жинақтаған жігіт елшілік қызметке ауысып, Пәкістан елінде тәжірибеден өтеді де, атташе қызметіне тағайындалады.

Арыслан Зейноллаұлының білімі мен кәсіби деңгейі ҚР Сыртқы істер министрлігінде, ҚР Министрлер Кабинетінде, ҚР Парламент Мәжілісінің Аппаратында қызмет атқарған жылдары айқындала түседі. Мол тәжірибе жинақтаған маман ғылыми жұмыспен шұғылданып, диссертациясын қорғайды, экономика ғылымдарының кандидаты атанады. Жинақтаған білімін оқу саласына жұмсауды көздеп, ойымен әкесімен бөліседі. Арысланның әкесі Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов – ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанда квантты химия мектебін алғаш қалыптастырған ғалым, қазақ жастарына сапалы білім беру мақсатында Қазақстан – Ресей университетін ашқан ректор. Бұл жаңа оқу орнының ұстанымы – студенттерге үздіксіз білім беру болса, осы жүйені қалыптастыру мен реттеу жұмыстарын Арыслан өз міндетіне алады. Сөйтіп, үлкен істің басы-қасында жүріп, өзінің үздіксіз білім беру туралы идеясын жүзеге асыруға кіріседі.

Шетелде іссапарда жүріп, А.З.Молдахметов үздіксіз білім беру оқу жүйесіне ерекше назар аударады, зерттей келе, толықтырып, дамытып, бұл бағытта бұрын елімізде болмаған өзінің оқыту технологиясын ұсынады: көпсатылы «лицей-колледж – ЖОО» кешенді үздіксіз оқу жүйесіне қосымша қашықтықтан оқыту әдісі қосылады. Сондай-ақ халықаралық білім беру мақсатында Англияның Кембридж мемлекеттік университетімен, БҰҰ штаб-пәтері жанындағы Халықаралық ақпараттандыру академиясымен, Вильнюс қаласының Еуропа гуманитарлық университетімен, Мәскеудің Шығыс Еуропа институтымен, Будапешт ашық білім институтымен, Ганновердегі Еуропа университетімен, сондай-ақ т.б. жетекші оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмастырды.

Оқу орнының ұжымы жұдырықтай жұмылып, үздіксіз білім беру концепциясын қолдануда құлшыныс танытты. Көпшілік болғасын сын айтқандар да болды, әрине, бұл қалыпты жағдай, әр адамның өз көзқарасы мен ұстанымы бар. Арыслан ағасына қолдау көрсеткендердің бірі, ұсыныстарын түгел қабылдап, жаңашырлықпен жүзеге асыруға бар күшін жұмсаған бауыры Қанат Маратұлы Молдахметов болды. Жас маман оқу-әдістемелік кешеннің жүзеге асырылуында белсенділік танытып, өз үлесін қосты. Оқу процесін ұйымдастыру кезеңі мен ғимараттың салынуы бір-бірімен қабаттасып, үлкен қиындықтар туғызды. Осы кезең туралы Арысланның әріптесі және көмекшісі, профессор Ирина Аушева бұлай әңгімелейді: «Арыслан әкесі Зейнолла Молдахметұлын Қазақстан ғылымының негізін қалаушыларының бірі және біregейі ретінде үлгі тұтатын. Әкесі Қазақстанның білім жүйесіне де айтарлықтай үлесін қосқан, еуропалық және әлемдік білім жүйесіне енуді мақсат тұтқан ғалым. Арыслан әкесінің ісін жалғастырып, алға жылжытуды өзіне парыз санады. Бұл ол үшін үлкен салмақ болды. Оқу-әдістемелік үрдісімен қатар университеттің жаңа оқу ғимаратын салу жұмыстарымен шұғылданды. Арыслан Зейноллаұлы Астананың аймағын жете білгендіктен, оқу ғимаратын Есілдің сол жағалауында, ескі орталық пен жаңа қаланың қиылысында салуды ұсынды. Университеттің бірінші ғимараты 2003 жылдың маусым айында пайдалануға берілді, бірақ бұл айтулы кезеңді көру Арыслан Зейноллаұлына бұйырмады: есіл азамат 2003 жылдың 10-мамырында дүниеден өтіп еді».

Арыслан Зейноллаұлының әріптестері басшысын үлкен қимастықпен еске алады. Оның кәсіби шеберлігі адамгершілік қасиеттерімен астасқан: әр адамды жеке тұлға ретінде құрметтейтін, ұжымда үнемі жұмысқа жайлы жағдай болуын қадағалап отыратын. Қасындағы әр адамға жанашырлықпен қарайтын басшы, әріптестерінен қолдан келген көмегін аямай, бар ықыласымен болысатын.

Профессордың білім беру саласына сіңірген қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, гуманитарлық лицейге Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 1-қазанда қабылдаған шешімі бойынша А.З.Молдахметовтің аты берілді. Осы аталған жылдың 20-желтоқсанында мемориалдық тақтайшаның ашылу рәсімі өтті. Лицейдің оқу озаттары профессор А.З.Молдахметовтің анасы Фатима Смайылқызының қолынан ақысыз оқу сертификатын алады. Жыл сайын А.З.Молдахметов атындағы әр деңгейлі – халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізіледі. Осы іс-шаралардың қай-қайсысы болсын, Арыслан Зейноллаұлының есімімен байланысты. Профессор Молдахметовтің феномені неде деген ойға еріксіз келіп тірелесің.

Гүлнаш БЕРЖАНОВА,
ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері

Сапалы білім мен саналы тәрбиені ұтқыр ұштастырған, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің еліміздің білім беру ұйымдарына қажетті, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білімі мен білігі сай, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар әзірлеудегі орны ерекше. Осы бағытта университеттің Филология институтында шетел тілі мамандарын даярлауда оқытушылардың озық технологияларды шетел тілі сабағында жүйелі қолданып, студенттердің тілдік құзыреттілігін арттырып, олардың заманауи талаптарға сай болуы үшін атқарып жатқан еңбектері жайлы аз-кем сөз өткенді жөн көрдік.

КӨП ТІЛ БІЛГЕННІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙЕДІ



Шетел тілі мамандарын дайындау туралы сөз болған соң, әңгіменің әлқисасын жақында ғана Тіл білімінің тарландары, ҚР ҰҒА академиктері Әбдуали Қайдаров, Рабиға Сыздықова мен Шора Сарыбаевтың ғасырлық тойына арналған іс-шара аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған ғылыми конференцияда елге белгілі, ана тілі мен шет тілдерін тең меңгерген ғалымдардың сөздерін тыңдау мүмкіндігіне ие болғанымызды айтқымыз келеді.

Конференция төрінен орын алған ұстаздарым – осы күндері 85 жас белесті еңсеріп отырған профессор Әділ Ахметов мен оқыған Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдерінің ректоры ретінде қолыма жоғары оқу орнын бітіргенім туралы дипломды тапсырса, академик Кәрімбек Құрманәлиев Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Шетел тілдері кафедрасына жас маман ретінде мені ұстаздық қызметке қабылдап, еңбек жолыма ақ батасын берген кафедра меңгерушісі болған-ды.

Бұл күндері елімізге белгілі ғалымдардың мемлекеттік тіл мен шет тілдерін меңгерген мамандардың адам капиталын дамытудағы рөлі, сапалы ұлт қалыптастырудағы мәні туралы маңызды баяндамаларында айтқан пікір-ұсыныстары конференция қатысушыларына үлкен әсер етті. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, полиглот-ғалым, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Арыстанбекұлының шетел тілін меңгертуде Алаштың ардақты ұлы – Халел Досмұхамедовтің: «Қазақ тілін біліп тұрып, орысша сөйлесең, бұл – сүйініш, ал қазақша білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл –күйініш» деген қанатты сөзі көптілді меңгерген мамандарды дайындап шығаруда басты бағыт-бағдар болу керектігі туралы ұсынысы көптің көңілінен шыққанын айтсақ, артық болмасы анық.

Иә, академик ұстанған қағидатты қаперіне алған Қыздар университетінің оқытушылары да қазақ қыздарының «шетел тілдерін білгені дұрыс, бірақ ана тілі бірінші орында тұруы тиіс деген» бағытта мамандар дайындап жатқанын мақтанышпен айтқымыз келеді.

Студенттерге білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өте өзекті болып отырғаны белгілі. Шетел тілін оқытудың мақсаты болып табылатын мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – шетел тілін оқытудың басты міндеті деуге болады.

Университетіміздің ректоры, филолог-ғалым Бейбіткүл Сәрсемханқызы Кәрімова шетел тілдері кафедраларының оқытушы-профессор құрамы алдына студенттерді шетел тілін жетік білетін, өзінің тіл біліктілігін жоғары деңгейде көрсете алатын, коммуникативті қабілеті мол маман болуға даярлау міндетін қойып отыр.

Осы міндеттер үдесінен шығу жолында ұстаздар шетел тілін үйретуде инновациялық технологияларды тиімді пайдаланып, студенттерді қазіргі замана талабына сәйкес бейімдеп, мемлекеттік тіл мен шетел тілдерін терең меңгерген маман етіп дайындауға аянбай атсалуда. Ұлағатты білім ордасының түлектері тек орта білім беретін мекемелерде ғана емес, сонымен бірге халықаралық ұйымдарда және шетелдік белді компанияларда абыроймен қызмет етіп жүргенін Қыздар университеті ұжымы мақтан етеді.

Тоты ТҰРҒАНБАЕВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТУРНИРІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астанада Нұра ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында зейнеткерлер арасында тоғызқұмалақтан турнир өтті. Ұлттық зияткерлік ойынды насихаттауға бағытталған шараға Есіл, Нұра және Байқоңыр аудандарының Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының қызмет алушылары қатысып, өзара бақ сынады.



Турнирдің басты мақсаты – ардагерлер арасында салауатты өмір салтын дәріптеу, ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау және зейнеткерлердің белсенді қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік жасау.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жарыстар ардагерлердің бос уақытын тиімді өткізуіне, ой-сананы сергек ұстауға және ұрпақтар сабақтастығын дәріптеуге ықпал етеді.

«Бүгін біз «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында 9 мамыр мерекесіне орай зейнеткерлеріміз арасында тоғызқұмалақтан турнир ұйымдастырып жатырмыз. Бұл жарыстың негізгі мақсаты – ардагерлерімізді қолдау, олардың белсенді өмір салтын насихаттау және ұлттық спортымызды дамыту» деді Нұра аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жетекші маманы Бақыт Қайырбекқызы.

Турнир соңында жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Газетіміздің келесі саны 2026 жылғы 14 мамыр күні шығады.

№54 (4952) 09/05/2026 Сенбі

ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Қазақстанның құрметті журналисі, «Құрмет» орденінің иегері Ғалия Балтабайдың «Тұлғалар – жауһар жандар» атты кітабының таныстырылымы өтті. Кітап таныстырылымына ҚР Парламенті Сенатының депутаты, академик Алтынбек Нұхұлы, академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбай, мемлекет және қоғам қайраткері Тито Сыздықов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ажар Сағандықова мен Жарқынбек Амантайұлы сынды белгілі зиялы қауым өкілдері қатысты.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

«Тұлғалар – жауһар жандар» – автордың бұған дейін жарық көрген «Тұлғалар – ғажап жандар» еңбегінің жалғасы, үшінші томы. Кітапта тарихта өшпес із қалдырған, асыл мұраларымен Қазақ еліне ерен еңбек сіңірген, ұлт мәдениетіне зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ел мақтанышына айналған тұлғалардың өмір жолы мен еңбегі баяндалады.

Сонымен қатар бұл еңбекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайда атап өткен «Адал табыс. Адал еңбек. Адал адам» қағидаттары аясында кітап кейіпкерлерінің ой-толғамдары берілген.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей тапсырмасымен биыл екінші рет Ұлттық кітап күні өтіп жатыр. Бұл – өте мәні бар шаруа. Кітап, қоғамды алға жетелейтін, мәдениетімізді көтеретін үлкен фактор. Сондықтан Ғалия Құсайынқызының қолымыздағы кітабына қуанып тұрмыз. Себебі қазақтың біраз марқасқалары осы кітапқа кіріпті. Ақсақалдарды, ағаларды елдің байлығы деп есептеу керек. Мына кітапқа енген азаматтар өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі болады, – деді академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбай.

Ертіс-Баян өңіріне кеңінен танымал журналист Ғалия Құсайынқызы саналы ғұмырын журналистикаға арнап, туған елінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға қызмет етті. Ол – жүздеген теле-радио бағдарламалардың авторы. Оның сын материалдарының нәтижесінде Павлодар қаласында қазақ театры мен облыстық балалар ауруханасы, Екібастұзда қазақ мектептері мен балабақшалар ашылды.

– Қоғам дамуына адал қызмет етіп, ел жаңалығының жаршысы, жарғақ құлағы жастыққа тимей жақсыларды жат санамай, тұлғаларды түгендеп жүретін, ізгі істерді көгендеп жүретін, жұдырықтай жүрегіне ел азаматтарының есімін алтын әріппен тізіп жүретін, көптеген кітаптардың авторы Ғалия Құсайынқызы – білікті маман ғана емес, қарымды ұстаз. Өңір журналистикасында қанат қаққан көптеген жас мамандар – оның шәкірттері. Автордың әйгілі тұлғалармен және өнер тарландарымен жасаған 40-тан астам әдеби-музыкалық бағдарламасы Қазақ радиосы мен облыстық «Халық радиосының» алтын қорында сақтаулы. Бүгінге дейін 10-нан астам кітабы жарық көрген, – деді Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ДӘРІПТЕЛДІ

Астанада Орталық саябақта Отан қорғаушылар күніне орай қалалық «Бала Толағай» спорттық жарыстары ұйымдастырылды. Бұл сайыс – жасөспірімдерді бұқаралық спортқа баулуға негізделген.





Спорттық іс-шараға мектеп оқушылары, ата-аналар, бұқаралық спортқа қызығушы қауым қатысты.

Аталған жарыста бірнеше бағдарлама қамтылған. Дәлірек айтқанда: «найзаны қашықтыққа лақтыру (ұлдар)», «8 кг қапты көтеріп қашықтыққа апару (1 минут)», «10 келілік серкені иыққа салып отырып-тұру», «ләңгіні уақытқа тебу (1 минут)», «арқан тарту (1 минут)».

Сондай-ақ көрермендер, қолдаушылар, оқушылар және мұғалімдер арасында қосымша жарыстар да ұйымдастырылды. Олардың қатарында турникке тартылу, брусья, гір көтеру (8 кг, 10 кг, 16 кг), қол күрес, жатып штанга көтеру және штангамен отырып-тұру бар.

«Бұл «Бала Толағай» жарысы ұлттық спорт түрлері аясында жүзеге асырылды. Жас өрендер «садақ ату», «найза ату», «ләңгі тебу» сайыстарына бөлінді. Ал ересектер «гір тасын көтеру», «турникке тартылу» сияқты бірқатар бұқаралық спорт түрлері бойынша бақ сынасты. 10-нан астам мектеп қатысты. Бүгінде аталмыш сайыс қала көлемінде өтсе, алдағы уақытта республикалық деңгейде жарыс өтеді деген сенімдеміз» деді Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу» дирекциясы басшысының орынбасары Өсербай Ержігіт.

«Алып Толағай» дәстүрлі спорт федерациясының негізін қалаушы, қол күрестен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия және Әлем чемпионы Темір Дәулетбақұлының айтуынша, мұндай спорттық шаралар балаларды патриоттық тәрбиеге үндеп, смартфонға телміруден біршама арылтып, спортпен көбірек шынығуына септеседі екен.


Осындай спорттық жарыстар жас ұрпақты гаджет, смартфонға үңілуден сақтайды. Қайта білімге, тәрбиеге бейімдеуге жәрдемдеседі.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

















Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 54
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ